

Тақырыбы: «Рәміздерім - мақтанышым»

Мақсаты: Отан, Қазақстан, туган жер туралы түсініктерін кеңейту. Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері. (Ту, Елтаңба және Гимн)

Сабақтың байланысы: Тіл дамыту.

Сабақтың түрі: Тәрбие сағаты

Сабақтың әдіс-тәсілі: Әңгімелеу, өлең жолдарын қайталау, рәміздерді сурет бойынша таныстыру, сұрақ-жауап т.б.

Сабақтың барысы:

Балаларды оқу іс-әрекетіне дайындау. Сабаққа деген зейінін психологиялық ойындар арқылы оятып, қызығушылығын арттыру.

Кіріспе:

- Сәлеметсіңдерме балалар! Көңіл күйіміз қалай?
- Жазғы демалыста жақсы демалдыңдар ма?
- Енді біздер жаңа оқу жылына біздің балалабақшаға жаңадан қосылған балалар бар екен, бәріміз танысып та алған болармыз.
- Балабақша сендерге ұнады ма?

Жаңа сабақ:

- Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?
- Әрине Қазақстан Республикасында тұрамыз?
- Біздің ұлтымыз қандай? Қазақ.
- Біз қай бірде сөйлейміз? Әрине қазақ тілінде.
- Ал, сендер біздің елді басқарып отырған Елбасымыздың есімін білесіңдер ме? Әрине Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. (Суреттен көрсету)
- Сендер мына суреттерден не көріп тұрсыңдар?